

невынашиванию беременности, а остальные 17758 (97,5%) женщин состоят на учете по различным гинекологическим заболеваниям неэндокринного происхождения. 297 женщин, состоящих на учете по бесплодию, составляют в возрасте от 25 до 34 лет - 193 (64%), до 24 лет - 60 (21%), старше 35 лет - 44 (15%). На учете из 151 женщины в структуре причин невынашивания беременности эндокринный фактор составил 33% (50 пациенток). С нарушением менструального цикла - 29%, в т.ч. с ювенильным кровотечением - 8%.

Оценивая общую функциональную активность репродуктивной системы у обследуемых женщин, необходимо отметить, что для оценки активности репродуктивной системы применяют измерение содержания в крови гонадотропных гормонов - фоллитропина (фолликулостимулирующего гормона, ФСГ) и лютропина (лютеинизирующего гормона, ЛГ). Как известно, именно эти гормоны обеспечивают рост и развитие фолликулов (ФСГ) и стимулируют синтез половых гормонов в гонадах (ЛГ). Было установлено взаимовлияние гормонов репродуктивной сферы и нарушений репродуктивного здоровья женщин г.Алматы. Проявления дисгормональных нарушений многообразны: у молодых женщин чаще отмечается нарушения полового цикла, бесплодие, невынашивание беременности, в старшем возрасте – миома матки, эндометриоз, хроническая тазовая боль и т. д. В современном обществе высокая частота этих проблем связывается в первую очередь с ухудшением экологических условий, ускорением темпов жизни, хроническим стрессом, неблагоприятным режимом питания, труда и отдыха; немаловажна и роль особенностей репродуктивного поведения женщины. Все это приводит к ухудшению работы механизмов адаптации, что обуславливает развитие дисгормональных нарушений репродуктивной системы. Наиболее частым последствием дисгормональных нарушений является нарушение процессов полноценной овуляции, что, в свою очередь, лежит в основе эндокринных форм бесплодия и невынашивания беременности независимо от причин, вызвавших первичную поломку репродуктивной системы. В основе дисгормональных нарушений лежит либо абсолютная недостаточность половых гормонов, либо нарушение их соотношения. Среди причин прогестероновой недостаточности следует отметить нарушения на уровне гипоталамо-гипофизарной регуляции, гиперандрогению, гиперпролактинемия, заболевания щитовидной железы (гипотиреоз, аутоиммунный зоб), первичную недостаточность гонад (наследственную или приобретенную), воспалительные заболевания женских половых органов, интенсивные физические нагрузки в сочетании с малокалорийной диетой, психогенные и неврогенные расстройства, повреждения эндометрия (после различных внутриматочных вмешательств, особенно абортот).

Таким образом, успешное лечение дисгормональных нарушений позволяет восстановить репродуктивный потенциал женщины, улучшить качество ее жизни.

Литература

1. Айламазян Э.К. Беляева Т.В., Виноградова Е.Г., Шутова И.А. Окружающая среда и репродуктивная функция женщин // VIII Международный симпозиум «Эколого-физиологические проблемы адаптации». – Москва. - 1998. - С. 11.
2. Айламазян Э.К. Беляева Т.В., Виноградова Е.Г., Шутова И.А. Репродуктивное здоровье женщины как критерий биоэкологической оценки окружающей среды // Вест. Росс. ассоц. акуш.-гин. -1997 г. -№3.-С. 72-78.
3. Бескровная Н.И., Баласанян И.Г., Хрусталева Г.Ф., Свечникова Ф.А. III Всесоюзная конференция Эндокринная система организма и вредные факторы внешней среды – Л.- 1987. - С. 22
4. Сивочалова О.В. Особенности репродуктивной системы женщин, работающих овощеводами закрытого грунта. Дисс... докт. мед. наук. – Л., 1989. – 45 с.
5. Druckmann R., Druckmann M.A. Progesterone and immunology of pregnancy // J. Steroid Biochem Mol. Biol, 2005; 97(5): 389-396.
6. Чайка В.К., Сергиенко М.Ю., Желтоноженко Л.В. Лечение больных с дисгормональными заболеваниями молочных желез с позиции эндокринологической гинекологии // Российский вестник акушера-гинеколога. – 2009. – № 1. – С. 71-75.
7. Сергеева Н.И., Дзеранова Л.К., Меских Е.В., Рожкова Н.И., Андреева Е.Н. Участие пролактина в формировании фиброзно-кистозной мастопатии, пролактин и нормопролактинемическая галакторея // Акушерство и гинекология. – 2005. – № 2. – С. 13-15.

ӘОК 612;591.1.57.034

Н.Т. Торманов., Қ.С. Бексейтова*

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: bekalsu@mail.ru

Студенттердің ақыл-ой қызметіне оқу үрдісінің әсері

Студенттің табысты іс-әрекетіне қажетті жағдай ішкі дискомфортты сезінуін қоршаған ортамен қайшылықтың болуының алдын алу қасиеті. Жыл сайын орта мектеп бітіріп оқуға түсіп жатқан 1 курс студенттері алғашқы уақыттарда бұрын кездеспеген жана кедергілерге душар болады. Оның басты себептері:

біріншіден, базалық білімдерінің деңгейінің әртүрлілігі; екіншіден, мектеп қабырғасындағы оқу жүйесінің ЖОО жүйеден айырмашылығы;

Түйін сөздер: шеттегі ауыл, жаңа әлеуметтік қатынас, экологиялық ірі мегаполис.

Н.Т. Торманов., Қ.С. Бексейтова

Влияние учебного процесса на функции мышления у студентов

В данной статье рассматривается проблемы физио-психологического аспекта научной организации интеллектуального труда.

Ключевые слова: отдаленные села, новые социальные отношения, экологические факторы мегаполиса.

N.T. Tormanov., K.S. Bekseytova

Impact of the educational process in the function of thinking in students

This article discusses the problem of physiological and psychological aspects of the scientific organization of intellectual work. This article discusses the problem of physiological and psychological aspects of the scientific organization of the Intellectual labor.

Keywords: remote villages, new social relations, environmental factors metropolis.

И.П. Павловтың ашқан психо-физиологиялық құбылыс – динамикалық стереотип негізін құрайтын көпжылдық әдеттегі жұмыс стереотипінің күрт өзгеруі кейде жүйке жүйесінің тозуының салдарынан стресстік реакцияларға әкеледі. Сол себепті бұрынғы стереотиптің күрт өзгеруімен байланысты бейімделу (адаптация) кезеңінің салдарынан алғашқы уақыттарда салыстырмалы түрдегі төменгі үлгерім және қарым-қатынастағы қиыншылықтарға әкелуі мүмкін [1].

Бірінші курс студенттерінің денсаулығына стресстің жағымсыз әсерін, жоғарғы эмоциялық және ақпаратты жүктемелерге организмнің толеранттылығы мен ақыл-ой жұмысына қабілеттілігін қамтамасыз ететін механизмдер мен себептерді анықтау – қазіргі уақыттағы ақыл-ой қызметі физиологиясының өзекті мәселелері болып отыр. Кейбір авторлардың тұжырымдауынша, психоэмоциялық стресс мәселелері әсіресе жоғарғы оқу орындарында өзекті мәселе болып отыр, себебі жоғарғы оқу орындарындағы оқу күнделікті ойлау-эмоциялық жүктемелермен бірге жүреді[4]. Әдебиеттердегі мәліметтерде ой еңбегімен айналысушылардың орталық жүйке жүйесінде қызметтік өзгерістер болатындығы және соның әсерінен жүйке құрылымдарының аурулары жоғары деңгейде болып отырғандығы айтылған. Бұлардың барлығы ақпараттың шамадан тыс болуына байланысты көлемі жағынан көп болады және психикалық тітіркендіргіштер мен созылмалы эмоциялық-стрессті жағдайлардың жиі қайталануы организмде патологиялық өзгерістердің дамуына әсер етеді де, жүйкенің жиі бұзылуына әкеледі [2].

Студенттерге оқу барысында, әсіресе емтихан тапсыру кезінде шамадан тыс эмоциялық күш түседі, соның салдарынан организмнің қызметтік гомеостатикалық жүйесіндегі өзін-өзі реттейтін кейбір механизмдері әлсірейді де ішкі және жүйе аралық ақпараттар алмасуының тепе-теңдігі бұзылады. Олардың барлығы денсаулық жағдайларының ауытқуларының негізгі себебі болып табылады [3]. Сондықтан да біздің зерттеуіміздің басты мақсаты: 1 курс студенттерінің алдында кездесетін қиыншылықтарға оңай бейімделуге және оқу үрдісіндегі жаңа талапқа үйренуді ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы субъектінің психологиялық күйін бақылап, бағалап, оқуға қабілеттілігін дамытуға, психологиялық зерттеу жүргізу арқылы білімді, білікті, интеллектуалды мамандар дайындауға үлесімізді қосу.

Зерттеу жоғарғы оқу орнында оқитын, 17-18 жас аралығындағы 20 бірінші курс студенттеріне жүргізілді.

Емтихан кезіндегі ағзаның психологиялық күйін кешенді зерттеуге психологиялық тест-сауалнамалар қолданылды. Олар:

- жоғары жүйке жүйесінің (ЖЖЖ) ерекшеліктерін анықтауға арналған сауалнама (Н.Абаскалова әдістемесі, сауалнама 83 сұрақтан құралған, жүйке жүйесінің қозу, тежеу және жауап қайтару әрекеттерінің деңгейлерін сипаттайды);
- экстра-интроверсия және нейротизмді анықтау (Айзенк әдістемесі);
- жеке тұлғалық алаңдаушылық деңгейін анықтау (Ч.Д. Спилбергер, Ю.Л. Ханин әдістемесі, алаңдаушылықтың төмен, орташа және жоғары көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді).

Кесте 1 - Студенттердің жоғары жүйке жүйесінің типтерінің ерекшелік көрсеткіштерінің орташа мәндері ($M \pm m$), балл

Көрсеткіштер	Қозу (балл)	Тежеу (балл)	ЖЖЖ қозғыштық қабілеттілігі (балл)
Қалыпты мәндер аймағы	21±3,9	21±3,9	21±3,9
1 курс студенттері емтиханға дейін n = 20	33,13±6,8	31,06±4,94	40,86±8,7
1 курс студенттері емтиханнан кейін n = 20	34,31±5,44	31,89±5,7	42,36±6,9

Зерттеу барысында алынған материалдар Microsoft Excel компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы өңделіп, байланыстарының коррелятивті коэффициенті анықталынды.

Зерттеу барысындағы психологиялық сауалнамалардың нәтижесінде мынадай құбылыстарды байқадық (1,2,3 кесте). Жоғары жүйке жүйесінің қозу, тежеу және қозғыштық әрекеттерінің орташа ($M \pm m$) көрсеткіштері төмендегіше бағаланады: төмен балл – 16-ке дейін; орташа балл – 17-32; жоғары балл 33 және оданда жоғары; [4].

Студенттерді қалыпты жағдайға ($M \pm m$, 21±3,9) қарағанда қозу әрекеті жоғары, яғни емтиханға дейін 33,13±6,8, емтиханнан кейін 34,31±5,44 баллды құрады. Ал тежеу әрекеті емтиханға дейінгі 31,06±4,94 және емтиханнан кейінгі кезеңдерде 31,89±5,7 көрсеткішті көрсетті. Тежеу – қозу әрекетіне қарағанда біршама төмен. Қозу әрекетінің күші жоғарғы балл қозу әрекетінің жоғарғы деңгейін көрсетеді, яғни, шиеленісті қызу сәттерде нәтижелі әрекеттерді қабылдауға қабілетті. ЖЖЖ қозғыштық қабілеттілігі, студенттерде өте жоғары, яғни емтиханға дейінгі кезең 40,86±8,7, ал емтиханнан кейінгі кезең 42,36±6,9 балға тең. Жүйке әрекетінің қозғыштығы: жоғары балл – жаңа жаңдайға тап болғанда тез бейімделіп кету, дұрыс шешім қабылдауға әрекетті; төмен балл – жаңа ортаға бейімделуі қиын, жаңа дағдылардан алшақ болуды сипаттайды.

Келесі Айзенк сауалнамасы бойынша (2-кесте) студенттердің жеке тұлғалық– психологиялық ерекшеліктеріне баға берілді). Нәтижелер мынадай жолмен бағаланады: экстра-интроверсия шкаласының орташа көрсеткіші 7-15 балл; нейротизм шкаласының орташа көрсеткіші 8-16 балл; ал, «өтірік» көрсеткішінің мөлшері 10 баллдан артық болған жағдайда, зерттелуші сұраққа ашық жауап бермеген деп есептелінеді [5]. Нәтижелер бойынша экстраверсия көрсеткіші емтиханнан кейінгі кезеңде емтиханға дейінгі кезеңге қарағанда 15% -ға төмендеді. Яғни, студенттерде белсенділігі бәсеңдеп, тәуекелді әрекеттерден сескенушілік пайда болып, өзінің іс-әрекеттерін алдын ала жоспарлап, байсалдылық таныту әрекетімен сипатталады.

Ал нейротизм көрсеткіші қалыпты (8-14 балл) мәнге қарағанда, екі кезеңде де **жоғары** ($M \pm m$, 15,66±4,3, 15,84±3,7) көрсеткішті көрсетті, яғни, жаңа ортаға бейімделу нашарлығы, қобалжудың басымдығы, мазасыздық, ықыластың тез өзгеруі.

Кесте 2 - Зерттеу топтарындағы студенттердің экстра-, интроверсия, нейротизм көрсеткіштерінің орташа мәндері ($M \pm m$), балл

Көрсеткіштер	Экстра-интроверсия	Нейротизм	Өтірік көрсеткіші
1 курс студенттері емтиханға дейін n = 20	14,46±2,3	15,66±4,3	4,75±1,2
1 курс студенттері емтиханнан кейін n = 20	12,78±2,7	15,84±3,7	3,8±1,5


Жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша «өтірік» көрсеткіші 4,75±1,2 баллды құрады, яғни, берілген сұрақтардың 7,5% селқос қарап, ашық жауап бермей, өзінің ішкі дүниесінің сырын дұрыс көрсетпеді деп қорытындыладық.

Ч.Д. Спилбергер, Ю.Л.Ханин әдістемесі бойынша жүргізілген сауалнама студенттердің жеке тұлғалық алаңдаушылық деңгейінің көрсеткіштерін сипаттайды(3-кесте). Нәтижелер төмендегіше бағаланады: 30 балға дейін болса – төменгі көрсеткіш; 31-45 балл – орташа; 46 балл және одан жоғары - жоғары алаңдаушылық

Кесте 3 - Студенттердің жеке тұлғалық алаңдаушылық көрсеткіштері, ($M \pm m$), балл

Көрсеткіштер	Алаңдаушылық деңгейі
Қалыпты мән	38±4,47
1 курс студенттері емтиханға дейін n = 20	43,6±6,4
1 курс студенттері емтиханнан кейін n = 20	45,36±7,4

Нәтижелер бойынша жеке тұлғалық алаңдаушылық көрсеткіші зерттеу топтарындағы студенттерде емтиханға дейін жоғары - $43,6 \pm 6,4$ балл; емтиханнан кейін өте жоғары - $45,36 \pm 7,4$ баллға сәйкес болды. Яғни, студенттер оқу жүктемесінің деңгейіне қарай қобалжу, алаңдаушылық сезімдері емтихан кезінде жоғарылайтындығын байқадық.



Сурет - Студенттердің жеке тұлғалық алаңдаушылық көрсеткіштер

Сонымен студенттерге оқу барысында, әсіресе емтихан тапсыру кезінде шамадан тыс эмоциялық күш түседі, соның салдарынан организмнің қызметтік гомеостатикалық жүйесіндегі өзін-өзі реттейтін кейбір механизмдері әлсірейді де ішкі және жүйе аралық ақпараттар алмасуының тепе-теңдігі бұзылады. Олардың барлығы денсаулық жағдайларының ауытқуларының негізгі себебі болып табылады.

Қорыта келе студенттердің білімге, ғылымға деген талпынысын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірінші күннен бастап психофизиологиялық көмек көрсете отырып, оқу процесінің жаңа формасына бейімделуіне нәтижесінде жаңа форматтағы интеллектуалды кәсіби мамандар дайындауды жолға қоюымыз шарт.

Әдебиеттер

- 1 Волкова И.М., Влияние умственного напряжения на деятельность центральной нервной и сердечно-сосудистой системы/ В сб.: VI Всесоюз. конфер. по физиологии труда. – М: Медицина, 1973. С: 74.
- 2 Медведев В.И., Взаимодействие физиологических и психологических механизмов в процессе адаптации//Физиология человека. – 1998 – Т.24, №4., С: 7-13.
- 3 Романова Е.С., Горохова М.Ю. Личность и эмоциональное выгорание.//Вестник практической психологии образования, 2004, №1.
- 4 Абаскалова Н.П., Здоровью надо учить:- Новосибирск, изд.: «ЛАДА», 2000, 262-267с.
- 5 Гильяшева И. Н., Вопросники как метод исследования личности.- Вкн.:Методы психологической диагностики и коррекции в клинике. Л., 1983.С.62-81.

ӘОЖ 612.591.1

С.Т. Төлеуханов, Г.Қ. Атанбаева*, Н.Т. Аблайханова, Ш.Б. Қасымжанова, Г.Е. Мамытбек
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: gul_22_04@mail.ru

Студенттердің оқу процесіне бейімделу барысындағы гемодинамикалық көрсеткіштерін зерттеу

Биология факультетінің 1 және 2 курс студенттерінің бірінші семестердегі арнайы оқу жағдайларына бейімделуі кезіндегі ағзаның функциясының қабілеттілігі және функциялық жұмысқа қабілеттілігі төмендегені байқалды.

Түйін сөздер: артериялық қысым, систолалық қысым, диастолалық қысым, физиологиялық жас ерекшеліктері.

У студентов 1-го и 2-го курса факультета биологии на первом семестре при адаптации к специальным условиям обучения замечены снижения функциональной способности организма и способности к функциональной работе.